



Магауиденова Айман Магауиденовна

1947 жылы 9 мамырда Павлодар облысының Лебяжі ауданының Шарбақты ауылында дүниеге келді. 1954-1963 жылдар аралығында Шарбақты орта мектебінде білім алды. 1963-1966 жылдары Павлодар қаласындағы №10 Абай мектебін тамәмдады. 1966 жылы Павлодар қаласындағы Бейсен Ахметов атындағы педагогикалық училищесінің «Бастауыш сынып мұғалімі» факультетіне оқуға түсіп, оны 1969 жылы аяқтады. 1969-1970 жылдары Керей бастауыш мектебінде ұстаздық жолын бастады.

1970-1971 жылдары Зор-Октябрь орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеді.

1971-1997 жылдары Шарбақты орта мектебінде бастауыш сынып және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып қызмет атқарды. Ұстаздық жолында талай шәкірт тәрбиеледі. Бірнеше мәрте мектеп, білім бөлімі тарапынан алғыс хаттар мен марапаттауларға және Қазақстан Республикасының Оқу-

ағарту Министрлігінің алғыс хатына ие болды. 1997 жылдан бастап зейнеткерлікке шықты. 2024 жылы 27 қазанда дүниеден озды.